

С.МУЗАФФАРОВА

ӨЗБЕК ХАЛЫҚ ЖОҚТАУЛАРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*В статье рассматриваются древние узбекские жанры фольклористики. Роль и особенности обычаяев, традиций узбекского народа в природе их семантики, рассматриваемые в контексте тюркских народов.*

*Makalede özbek folklorunun eski janrlarundan ağıt japs ve örf adetleri deñeylicice inceleür.*

Зерттеулерден аңғарылғанындей, жоқтаулар түркі халықтарында көпшілік тараған «марқұмдар жайлы жаман сөйлеуге болмайды» тұжырымдамасына негізделеді.

Жоқтаулар тікелей адам өмірі, оның тағдырындағы оқиғалармен байланыстылығы үшін де мысалға алынған сөздерде туған-тыстық бірлігі мәселелері белсенді қатысуын байқаймыз:

Ұлды ұяға қойған,  
Қызды қияға қойған.  
Енежаным, бәйбішем.  
Оң қолын ұзатқан,  
Ұлға отау түзеткен,  
Енежаным, бәйбішем.  
Сол қолыны ұзартқан,  
Қызға бокша түзеткен,  
Енежаным, бәйбішем [1].

Ақ кептерге дән бердің,  
Әкем қалды деместен.  
Қалай ғана жан бердің.  
Кек кептерге дән бердің,  
Анам қалды деместен,  
Қалай ғана жан бердің [2].

Бұл жағдайлар жоқтаулардың тіл ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін көрсетеді. Жалпы, бұл жанрда туған-тыыс бірлігін тек жақындықтарын мысал етуде ғана емес, бәлкім осы жанр мәтіндерінде белсенді байланыста екендігін көреміз.

Жанр мәтінінде туыстықты аңғартупы сез жөне атамалардың көп кездесуі көздейсоқ емес:

Қара бұлт келеді,  
Жаңбыр ма еken, сел ме еken?  
Жүргім қысып барады,  
Анамның дәрті сол ма еken? [3]

Айтпайын десем болмайды,  
Қайғымның оты қоймайды.  
Сенген бағым, беу әкем.  
Қасындың қарасын,  
Желкеме құндыш етейін.  
Шығыш кеткен ағам ау,

Кепті күндіз етейін [3].

Құлақ ұрыш құр кеткен, беу өжем,  
Бала бағыш қызығын көрмеген, беу өжем  
Көктемнің жаңбырында жауып өткен, беу өжем,  
Патшаның қосындаі қоныш өткен, беу өжем...[3].

М.Б.Руденко күрд және орыс халық жерлеу рәсімдеріндегі кейбір жағдайларды зертте, былай деп жазады «Егер орыс жоқтауларында марқұмды ешқашан туыстық атаулармен айтпаса да, әрбір туыстық үшін нақты орындау тән болса, күрд жоқтауларында туыс-туғандық атаулары табу етілемейді» [4].

Ғалым мұның себебін де дұрыс көрсетіп берген: «Жерлеу табулары барша басқа табулар сияқты өзінде өзара қарсы екі белгіні, қасиеттілік пен жауыздықты бірlestіреді, марқұм алдындағы қорку қанша кемісе, жоқтаулардағы табу етілетін сөздер ауқымы соншалық тарылыш сала береді» [4]. Бұған қосымша етіш адамның дүние жайлы, әлем мен адам туралы тұжырымдары, танымдық тәрізінің өзгеріп, есіп баруы да табулар ауқымын кемітіуі, қысқартуы мүмкіндігін айтып өтпекшіз.

Жоқтаулар нақты адаммен байланысты болмаған жағдайларда олардағы ұқсатуларда да жоқтау нысаны болған адам және оның субъектісі-гүянда (орындаушысы) арасындағы байланыстар нақты дәрежеде бейнеленеді.

Аттарға мінсө айнадай,  
Жерлерде жүрсө найзадай,  
Маңдайға таққан тұмардай.  
Әшкесі қүйсін, айнамның  
Қаңтарыш қойған тұлшардай [5].  
Сандығымның сыры еді,  
Ақ жүзімнің нұры еді,  
Болар-болмас дерг үшін,  
Ботадай көзін сөндірді.  
Қарындасты елсін, айнамның [5].

Бірінші төрттікте, негізгі назар марқұмға, марқұмның қасиет-қадірін сипаттауға арналған. Оны айна, найза, тұмарға салыстыру лирикалық кейішкер (бул жерде әшкесі) үшін жоғарғы әлеуметтік-эстетикалық және рухани орынға ие екендігін көрсету үшін қолданылса, ақырғы ұқсату, енді тікелей субъект – орындаушы (лирикалық кейішкердің өзіне қатысты екендігімен назар аудартады).

Осы ұқсатудың толық мағынадағы ұлттық екендігін де айтқан жөн. «Қаңтарыш қойған тұлшар» өз өмірін, өмірінің мазмұнын атпен байланыстырган халықтар үшін ғана түсінікті әрі ардақты образ саналады. Махмуд Қашқари «Диуани лұғаті ат-турк» шығармасында «қос қанатың, ер,

атың» деген мақалды бекер келтірмеген. Екінші жоқтаудағы «ботадай» ұқсатуы жайлы да, осындай деуге болады. Нақтылап айтқанда, бұл жердегі ұқсату қосымшасы «бота» сезіне қосылған болса да, негізінде «көзге» байланысты. Мұның себебі, әңгіме бота туралы емес, оған байланысты болған «көз» туралы болуында. Негізінде ол ботаның көзіндегі деген форманы бейнелеген мағынаны айқындаиды.

Төмендегі ұқсатулар марқұмға жақын адамның жылап тұрған кезіндегі рухани құйзелісін баяндауға бағытталған:

Жандым ба десем, шогым жоқ,  
Қойдым ба десем, қолым жоқ,  
Айтсам қайфым асады,  
Әкпем қазандай тасады.  
Жаным анам есіме түссе,  
Қайфым бастан асады...[1].

Тасып бара жатқан қазан образының түркі халықтарына, соның ішінде, өзбектерге өте таныс және жақындығын айтыш жатудың қажеттілігі жоқ. Бұл жерде тек осы ой-шікір әйелдерге тән екендігін еске алу жөн. Жоқтауларда ұшін әлеуметтік-тұрмыстық өмірдегі түрлі нәрсе, өзгерістердің баяндалуы да сипатталады:

Заһар салдың асыма,  
Қайғы салдың басыма,  
Арманым аттың басындаі,  
Қасіретім сайдың тасындаі...[1].

Бұл жердегі нақты сезімдік ұқсату образдары абстрактілік әсірелеу үшін көрсетілген. «Арман» мен «қасіретті» көрсету қажеттілігі осы ұқсатуларды қолдану арқылы бейнеленеді. Өзектісі бейнедегі әсершілдікке мүмкіндік тудырған:

Қой басындаі жүрегім,  
Қорғасындаі қалмады.  
Жыламасам болмайды,  
Жыламай көңілім толмайды...[3].

«Қой басы», «жүрек», «қорғасын» сезідерінің мағынасын аңғартқан заттар тыңдаушыларға ерекше әсер етеді. Олар түркі халықтары үшін жақын, таныс. Жүректің қой басындаі қозғалыста болуы, әрине, әсірелеп баяндау және ұқсату. Алайда ол бейне мағына соңына дейін өзекті. Яғни жүректің үлкендігі тек батырлық, ерлік белгісі емес. Бәлкім, бұл қасиет тыныштық, бейбітшілік, ынтымақ мағынасында ұғындырылады. Жүректің қорғасын қалына келіп кішіреюі, тыныштықтың қысқаруымен бейнеленеді.

Сипаттауларды жоқтаулардағы ең көп қолданылатын көркем бейне құралына енгізу мүмкін:

Қара мазар ана жақта,  
Топырағы майда еді.  
Мейірбан анамнан айрылдым,

## Музаффарова С. Өзбек халық жоқтауларының жанрлық...

Енді көрмек қайда еді...  
Екsem бітпес майданым анам,  
Шақырсам келмес, мейманым анам,  
Кешкісін сырласым анам,  
Күндіз жолдасым анам [2].

Немесе:

Су дегенде, шербет берген, беу анам,  
Нан дегенде, набат берген, беу анам.  
Қандай анам бар еді,  
Жаңым анам, қанатым,  
Белімдегі құатым.  
Аязда қаймақ жалатқан,  
Жайнап алдында ойнатқан...[3].

Сондай-ақ:

Кең көшеден кетпеген, беу әкем,  
Кеңесіне жетпеген, беу әкем,  
Тар көшеден өтпеген, беу әкем,  
Талабына жетпеген, беу әкем...[3].

Жоғарыдағы мысалдарда қабірдің түсінен бастап, марқұмның ерекше қадір-қасиетіне дейін назар аударылғанын байқауға болады. Оларда ананың ешкімге ұқсамайтың, қайталанбас қасиеттері, сипаттары қисынды бір ізben берілген. Соңғы мысал да ерекше сипатқа ие. Онда әкеге тән ерекше қасиеттер тілге алынады. Барлығындағы сипаттаулар ауыр күйзеліс және ызамен баяндалады.

Сипаттаулар арасында, түстермен байланыстылары салмақты орынга ие:

Көгеріп аққан көк дария,  
Көгеріс жерде дерті бар.  
Жаңым анам, гарыбым,  
Арманмен кеткен дерті бар [6],

немесе:

Қызылдан кейлек кимедім,  
Қызығында болмадым.  
Сары кейлек кимедім,  
Сұхбатыңда болмадым...[5].

Бұлардағы әрбір тұс адам өмірінің нақты қырларымен тығыз байланысты болып келеді. Олардың түркі халықтарының өмір сүру тәрізі, әдет-ғұрыштары, дүниетанымы т.б тығыз байланыста екенін аңғару қын емес. Соның ішінде сары тұстің айрылысу, сағынышты, қара тұстің қайы-қасіретті айқындауды белгілі. Мұны төмендегі мысалдар да айғақтайды:

Қара орамал қолымда,  
Қарап қалдым жолында.

## **ТҮРКОЛОГИЯ, № 5-6, 2010**

---

Сары орамал қолымда,  
Сарғайыш тұрмын жолында...[3].

Немесе:

Қараны салдың басыма,  
Занаңды қүйдің асыма [5].

Бұл үзіндігі орамалдың қара және сары түстермен байланыстырылуы – айрылысудың, жерлеудің рәміздік мағынада баяндалуы.

Фольклордағы қызыл тұс көбінесе қуаныш, шаттықпен байланысты. Кек (жасыл) да сол ерекшеліктерге лайық түстер.

«Диуани лұғат ат-туркте» Махмуд Қашқари төмөндегі мысалды келтіреді:

Келну булса қызил қизар  
Жаһану булса яшил қизар [5].

Әйелдер ерімен «сұхбат» жасағанда, қызыл жібек киеді, жалыну мен қошеметтілік ретінде жасыл киім киеді. Әйелдер жайлы бұл мәтеп мақсатқа жету, жағымды кейінде болуды еске түсіру мақсатында атқарылады [1]. Демек, бұл дәлел де біздің жоғарыдағы ой-шілдеміздің дұрыстығын айғақтайды.

«Қаралар салдың басыма» үзіндісі азалы рәсімдермен тығыз байланысты. Яғни, халықтың жерлеу рәсімінде қара, кек, ал аза соңында ақ киоі жақсы мәлім. Бұл ой-шілдердегі көп мағыналылық та назар аударуға лайық. «Қаралар салдың басыма» тек қара киім (орамал) жерлеу рәсімін аңғартпастаң, қайғы-қам, қүйзелістің көлемі мен салмагын да көрсетіп турғандай. Сонымен бірге «қара» көңіл-күй бағасын көрсететін сөз сипатында да, көркем-эстетикалық қызметті де орындауда.

Жерлеу рәсімімен байланысты жырларда «қара жер» тіркесін көп кездестіреміз. Бұл әшитет жердің түсін аңғартпайды. Бұл жағдайда ол көбірек қарангылық, нақтылаш айтсақ, жер асты (зұлмат) әлемімен байланыстырылады.

Төмөндегі мысал да осы шілдердің дұрыстығын айғақтайды:

Қара жерлер қатты ма екен,  
Тастар желкенізге батты ма екен,

Гүл анам, гүлдей анам  
Қара жерлерде жатты ма екен...[6].

Сондай-ақ, жоқтауларда сары тұс айрылысы, сағыныш қүйзелістерін көрсетумен сипатталады:

Сандық толы сары гүл,  
Қалай ғана солды екен.

Көрмей қалған қос бауырым,  
Қалай ғана өлді екен...[1].

Әйгілі ғалым Музаяна Алавия осы жырды зерттей келе былай деп жазады: «Бұл жерде мынаны ескеру керек, «сандық тола сары гүл» деген сөз тіркесінде гүлдің сандықта тұруы болмаған жағдай, әйтсе де аллитерация қолдану, яғни «с» дыбысын көбірек қолдану үшін сандық, сары, солды, сөздері бір мезетте келтірілген». Назарымызда, «сандық толы сары гүл» сөз тіркесі

## Музаффарова С. Өзбек халық жоқтауларының жанрлық...

нақты мағынаны емес, рәміздік, поэтикалық мағынаны аңғартып келуде. Яғни, «сандық» ауыспалы мағынада үй, аула, дүниенің аңғартса, «сары гүл» - айрылысуды көрсетеді.

Жоқтаулар ырғақтық дикциямен, нақтылаш айтсақ, тікелей орындаушылармен байланысты. Оларда аллитерацияның алатын орны ерекше. Жыр, өлең орындалатын болса, онда тек орындаушының мүмкіндігі емес, бәлкім тыңдаушылардың (бұл жерде жерлеу рәсімінің қатысушылары) мүмкіндіктері де есепке алынады. Соңдықтан да жыр әсерін асыру мүмкін болған әрқандай құралдар және тәсілдер іске қосылады.

Корыта келгенде, барлық фольклор жанрлары сияқты жоқтаулардың бейнелеу принциптерінде де өзгешелік жоқ. Бұл принциптердің барлығы жанрдың табиғаты, оның өмір сүру тәрізімен тікелей байланысты. Жоқтауларда үқсату, сипаттау, параллелизм, әуез, аллитерация сияқты бейнелеу құралдары берік орында тұрады. Бұл да жанр табиғатына сай болған талаптардан туындейдайды.

Халық әуендері мәңгілік айырылу және қоштасу әуендері болғандықтан, өзіне тән шын ниетті поэтикалық нәзіктік, қайраттандыру рәміздері, үқсату мен күштейту, қысындық негіз және салыстырулар көп кездеседі. Оларды көркем талдау, халықтың көркем даналығын қай дәрежеде нақты өмірмен байланыста екендігін ашу келептектегі ғылыми ізденістеріміз үшін таусылmas тақырып болып қалады деп ойлаймыз.

### ӘДЕБІЕТТЕР

1. Оқ олма, қизил олма. Узбек халық ижоди. -Тошкент, «Faafur Fulom», 1972.
2. *Бобожонов Й.* Мотам маросимларига оид этнографизмлар // Узбек тили ва адабиети, 1997, 57-58-б.
3. Гулгер. Фарғона халқ қүшиклари. Узбек халқ ижоди. Тупловчы: Х. Рассаков. Тошкент, «Faafur Fulom», 1967. -249 б.
4. Руденко М. Б. Курдская обрядовая поэзия. - М., «Наука», 1982.
5. Сарымсақов Б. Узбек маросим фольклори. 1 том. Тошкент, «Фан», 1988
6. Имамов К., Мирзаев Т., Сарымсоқов Б. Узбек халқ оғзаки поэтик ижоди. – Тошкент, «Укитувчи», 1990. -304 б.
7. Кармышева Б.Х. Архаическая символика в погребально-поминальной обрядности узбеков Ферганы. –М.: «Наука», 1986.
8. Тафаккур чечаклари. –Тошкент, «Фан» 1992.
9. Тухлиев Б. Билим-әзгулик йули. – Тошкент, «Фан», 1990
10. Махмуд Қашғарий. Туркий сұzlар девони. 1 том. –Тошкент, «Фан», 1960.

### REZUME

#### MUZAFFAROVA S. (Turkistan) GENRE PECULIARITIES OF UZBEK BURIAL CEREMONY POETRY

This article deals with the ancient Uzbek folklore genre. The role of customs, traditions of Uzbek nation in the context of Turkish speaking countries.